7199-25-00-2а/3932

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 6 тамыз Астана қаласы

Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья А.Ғ.Жақсыбаев, судьялар Н.Ж.Кудиярбеков, А.Болатұлы,

жауапкердің өкілі Ж.М.Кулакбаеванің, аудармашы М.М.Серкебаевтың қатысуымен,

ашық сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 23 мамырдағы шешіміне тараптардың түскен апелляциялық шағымдары бойынша «Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аламан Орда Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюды негіздемесі ретінде, 2025 жылғы 18 ақпанда жарияланған «Приозерск қаласының №2 су қабылдағышын ағымдағы жөндеу» конкурсы бойынша мемлекеттік сатып алуды жалғыз ұйымдастырушы болып табылатынын көрсетті. Біліктілік талаптарына сәйкес әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптардың бірі жүк көтергіштігі кемінде 5 тонна Кранның меншігінде немесе жалға алуында болуы.

Жауапкер «Аламан Орда Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) осы конкурсқа қатысу үшін №63065027 өтініш берген. Комиссия құжаттарды қарап, жауапкердің конкурсқа қатысуға рұқсат беретін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтады. Нәтижелері туралы 2025 жылғы 03 наурыздағы №14048318-ОК1 хаттамасына сәйкес жауапкер екінші орынды иеленді.

"Бизнестехмонтаж" ЖШС-нен мемлекеттік сатып алу қорытындыларының хаттамасына шағымдану туралы шағымның түсуіне байланысты өтінімдер қайта қаралды. "Аламан Орда Инвест" ЖШС шағымына сәйкес көлік құралын тіркеу базасында тіркелмеген XCMG 25k5 мемлекеттік № 989ARY01 маркалы автокранға құжаттар ұсынды. Базада болмауы Приозерск қаласы полиция бөлімінің, Қарағанды облысы ПД 05.03.2025 жылғы 5-72 / 185-Ш хатымен расталады.

Осыған байланысты жауапкер конкурстық құжаттамаларға сәйкес емес деп танылды және конкурсқа қатысуға жіберілмеді.

2025 жылғы 07 наурыздағы № 14048318-ОК1 қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес "Аламан Орда Инвест" ЖШС өтінімі әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді орындау

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 14.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Кудиярбеков Н. Ж., 13.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 13.08.2025

үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты бас тартылды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, 14-бабының 1-тармағының негізінде талап қоюды қанағаттандыру сұрады.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 23 мамырдағы шешімімен талап қоюшының талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылды.

Талап қоюшы апелляциялық шағым түсіріп, соттың шешімнің күшін жоюды, жаңа шешім шығаруды немесе істі жаңа қарауға жіберуді сұрады. Сот полиция бөлімінің көлік құралын тіркемегені туралы ресми хатын елемегенін көрсетті. Бұл хат жауапкердің көлік құралын жалға алушы ретінде әрекет ете алмайтындығын растайды, сонымен қатар мемлекеттік нөмірмен жеңіл автомобиль тіркелгені ескерілмеген. Жалдау шартының өзі меншікте немесе жалға беруде техниканың бар екенін дәлелдемейді.

Жауапкер апелляциялық шағым берді, онда ол соттың өкілдің қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарды өндіріп алудан бас тарту туралы шешімін жоюды және 500 000 теңге көлемінде шығыстарды өндіріп алуды сұрады. Сотқа барлық растайтын құжаттар ұсынылғанын көрсетті.

Талап қоюшы белгіленген уақытқа қосылмады, өз өкілінің қатысуын қамтамасыз етпеді, осыған байланысты алқа Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 418-бабы 2-тармағының тәртібінде талап қоюшы болмаған кезде істі қарады.

Жауапкерді тыңдап, іс материалдарын зерттеп, алқа келесіге келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 14.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Кудиярбеков Н. Ж., 13.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 13.08.2025

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот талапты қанағаттандырудан бас тарта отырып, келесі көрсетті.

Іс материалдарынан 04.03.2025 жылғы қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес аталмыш байқаудың жеңімпазы «EVEREST GLOBAL» ЖШС, екінші орын алған әлеуетті жеткізуші «Аламан Орда Инвест» ЖШС екені анықталды.

Талап арызды негіздей отырып, талап қоюшы «БизнесТехМонтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шағымын қарау нәтижелері бойынша өтінімдер қайта қаралғанын, «Қарағанды облысы ДП Приозерск қаласының полиция бөлімі» РММ-нің 05.03.2020 жылғы №5-72/185-Ш жауабына сәйкес жауапкердің арызында көрсетілген мемлекеттік тіркеу нөмірі 989ARY01 «XCMG 25K5» маркалы көлік құралы туралы мәліметтер базасында көрсетілмегені анықталған.

2025 жылғы 07 наурыздағы қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес жауапкердің өтініші біліктілік талаптарына сай емес деп қанағаттандырусыз қалдырылған, аталған байқаудың жеңімпазы «EVEREST GLOBAL» ЖШС, екінші орын алған әлеуетті жеткізуші «БизнесТехМонтаж» ЖШС анықталған.

Сот талқылауы барысында талап қоюшының өкілі 04.03.2025 жылғы және 07.03.2025 жылғы хаттамалар бойынша жеңімпаз деп танылған «EVEREST GLOBAL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғанын. Осылайша, сот жауапкер ұсынған мәліметтердің нәтижесінде баға ұсынысын қалыптастыруда теріс салдарлар жоқ деген қорытындыға келеді.

Іске үшінші тұлға ретінде және көлік құралының иесі ретінде тартылған Н.М.Куанышбаевқа тиісті түрде хабарланған, бірақ сот отырысына келмей, қосылмаған. Жауапкердің кінә дәрежесін анықтау мүмкін болмады. Талап қоюшы жалға алынған көлік құралының заңды түрде жалға берушіге тиесілі еместігін немесе оған тіркелмегенін көрсететін жеткілікті дәлелдемелерді ұсынбаған (өтініш берілген сәттен бастап 28.02.2025 жылдан бастап 03.03.2025 жылға дейінгі мерзімде жалға беруші бұл көлік құралын жалға алушыға хабарсыз сатқан болуы мүмкін және т.б.) басқа жауаптар берілмеді.

Алайда, соттың мұндай тұжырымдарымен келісуге болмайды.

Талданатын жағдайда «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның және «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы»

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 14.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Кудиярбеков Н. Ж., 13.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 13.08.2025

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының нормалары тапсырыс беруші үшін теріс салдардың туындауы түріндегі міндетті шарттың болуын көздемейді. Бұл шарт тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған және оны орындамау тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарға әкеп соққан жағдайда міндетті.

Бұл жағдайда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу үшін дұрыс емес мәліметтерді ұсыну фактісінің болуы жеткілікті.

Жауапкер істің мән-жайлары бойынша оның автокраны бар екендігі туралы дұрыс емес мәліметтер берді. Сондай-ақ, аталған автокранның № 989ARY01 мемлекеттік тіркелгені туралы құжаттарды ұсынды, алайда уәкілетті органның мәліметтері бойынша бұл нөмірге жеңіл автокөлік тіркелген.

Көрсетілген нөмірі бар осы автокранның шын мәнінде бар екендігіне және Н.М.Қуанышбаевтың меншігінде екендігіне дәлелдер келтірілген жоқ.

Мұндай жағдайларда іс бойынша талапты қанағаттандыру үшін барлық негіздер болды.

Сот істің мән-жайларын дұрыс белгілемеген, осыған байланысты қабылданған шешім талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылдаумен күшін жоюға жатады.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігіннің 3 тармағын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 23 мамырдағы шешімінің күшін жойылсын, іс бойынша жаңа шешім қабылдансын.

«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аламан Орда Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Аламан Орда Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Аламан Орда Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Жауапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 14.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Кудиярбеков Н. Ж., 13.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 13.08.2025

Апелляциялық сатыдағы сотының қаулысына заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оған кассациялық шағым, наразалық азаматтық істер жөніндегі Кассациялық сотқа берілуі мүмкін.

Төрағалық етуші А.Ғ.Жақсыбаев

судьялар Н.Ж.Кудиярбеков

А.Болатұлы

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 14.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Кудиярбеков Н. Ж., 13.08.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 13.08.2025

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911